

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

6

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2017

NOVEMBER  
НОЯБРЬ  
ҚАРАША

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абишев М.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуқанов Д.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Байпақов К.М.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Әзірбайжан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалықов Ж.У.** проф., академик (Қазақстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Қазақстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., РҒА корр.-мүшесі (Ресей)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д. х. н., проф. академик НАН РК  
**М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абишев М.Е.** проф., член-корр. (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Байпаков К.М.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Азербайджан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Моход Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалыков Ж.У.** проф., академик (Казахстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Казахстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., член-корр. РАН (Россия)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M. Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abishev M.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Baipakov K.M.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Gashimzade F.** prof., academician ( Azerbaijan)  
**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)  
**Davletov A.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Dzhrbashian R.T.** prof., academician (Armenia)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Laverov N.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Lupashku F.** prof., corr. member. (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Myrkhalykov Zh.U.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Satubaldin S.S.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Tatkeyeva G.G.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Umbetayev I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Yuldashbayev Y.A.,** prof. corresponding member of RAS (Russia)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**N. M. Abdukadyrov**

PhD, TarSU M. H Dulati, Department "History of Kazakhstan", Taraz, Kazakhstan

**FOREIGN POLICY OF THE OTTOMAN EMPIRE AND GERMANY  
IN EGYPT DURING THE FIRST WORLD WAR**

**Abstract.** During the First World War in the East, the territory of Egypt was the main geopolitical center between the powers of the Entente and the Triple Alliance. Because from ancient times Egypt was a bridge between two continents and the territory of this country has a big political and economic role in international relations. In the era of modern times, Egypt was a subject of the Ottoman Empire and fell into the political interest of European empires. This article discusses the problem of the sovereignty of Egypt during the proclamation of the British protectorate and political positions in Germany and the Ottoman Empire during the First World War. The scientific work analyzes the political struggle and military actions between the imperialist powers for Egypt. And also, we study political and military actions of the Ottoman Empire and Germany in Egypt, and the transformation of the territory of Egypt is one of the largest centers of the First World War.

**Keywords:** the First World War, Egypt, the Ottoman Empire, Germany, Entente, England.

ӘОЖ 930(73) «20»: 94 (560)

**Н. М. Абдукадыров**М. Х. Дулати атындағы ТарМУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доцент м.а., Ph.D докторы,  
Тараз, Қазақстан**БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ  
ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ГЕРМАНИЯНЫҢ  
СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ МЫСЫР МӘСЕЛЕСІ**

**Аннотация.** Қазіргі Мысыр мемлекетінің аумағы Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Шығыста Антанта мен оның қарсыластары Үштік Одақ елдерінің арасындағы басты геосаяси нүктелердің біріне айналды. Себебі, Мысыр жері ертеден құрлықтарды жалғастырушы түбек ретінде танылып оның саяси-экономикалық маңыздылығы зор болды. Сондықтан, Жаңа заманда Осман империясының құрамында болған Мысыр үнемі еуропалық империялардың назарына ілігіп отырды. Мақалада, Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Мысырдың тәуелсіздігі мен оның Ұлыбританияның протектораттығына өту мәселелері және оған қатысты Осман империясы мен Германияның саяси ұстанымдары қарастырылады. Ғылыми жұмыста Бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Мысыр үшін әлемдік империялар арасында орын алған саяси тартыстар мен соғыс қимылдарының барысы және нәтижелері ғылыми талдауға түседі. Сондай-ақ, Осман империясы мен Германияның Мысырдағы саяси және әскери қимылдары мен Мысырдың Бірінші Дүниежүзілік соғыстың ірі ошағына айналуы зерттеледі.

**Түйін сөздер:** Бірінші Дүниежүзілік соғыс, Мысыр, Осман империясы, Германия, Антанта, Англия.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Мысыр жерінде жүзеге асырылған Суэц каналының құрылысы мен оның қызметі халықаралық қатынастарда ірі саяси, экономикалық және кейіннен геосаяси мәселеге айнала бастады. Осының негізінде Мысыр жері Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында да еуропалық империялар арасындағы басты геосаяси және геэкономикалық нүктелердің бірі болды. Басты мәселе, өз экономикасын Мысыр мен Жерорта теңізінің шығыс

аймақтарында жүргізілген сауда мен арзан шикізатқа қол жеткізу арқылы байытып отырған еуропалық империялардың арасында аталған өңірлерде экономикалық басымдыққа ие болуға тырысуынан туындады. Мысыр жерін халықаралық экономиканың орталығы ретінде таныған Англия, Франция, Германия ол арқылы ауқымды экономикалық шараларды жүзеге асырып отырды және оны жүзеге асыруда Суэц каналы үлкен халықаралық қызмет атқарды. Мысыр жері, әсіресе Суэц каналы арқылы жүргізілетін халықаралық сауданы өз бақылауына алу қандай да болмасын империяның үлкен қызығушылығын тудырары сөзсіз еді. Мұнда, әлемдік империялар арасында Англия белсенді әрекет жүргізді. Басты себеп, бұрын Осман империясының құрамында болған Мысырдың 1882 жылы Англияның оккупациясынан соң оның іс жүзінде Британ империясының бақылауына өтуі аймақтағы саяси жағдайды өзгертті, тіпті оны шиеленістіріп жіберді. Мысыр осман үкіметін ресми түрде мойындағанымен, ол іс жүзінде Англияның бақылауында болды [1].

Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде Мысырда Англияның бақылауы күшті болғанымен, ол мұндағы сауданың жүргізілуіне және Суэц каналының қызметіне толық бақылау орната алмады және аймақтағы саяси-экономикалық жағдай оның күзіретіне өткен жоқ. Бұған Франция, Германия, Осман империясы бұған жол бермеді. Бір сөзбен айтқанда, Мысыр формальды түрде осман үкіметін мойындап, іс жүзінде еуропалық империялардың басты экономикалық орталығы қызметін атқарды. Келесі кезекте, Британ империясының Мысырды оккупациялау немесе аннексиялау сұрағы күн тәртібіне қойылды. Мысыр территориясын еуропалықтармен бірге пайдалану немесе өзі жеке пайдалану мәселелерін қарастыруы тиіс болды.

1914 жылы мамыр айында Британ империясының әскери министрі Герберт Китченер Мысырды Ұлыбританияға қарсы пиғылда болған империялардан оқшаулау жөнінде арнайы жоба қабылдады. Бұл құжат Мысырды Осман империясынан түбегейлі қол үзуге апарып соқтыратын саясат енгізді.

1914 жылы 5 қараша күні Мысырдағы британ армиясының басшысы генерал Дж. Максвелл Мысырда әскери жағдай енгізілгенін жариялады. Ол бойынша жергілікті мысырлықтардан әскерге адам алынбайтын болды және олардан тек сыртқы дұшпанмен байланысқа түспеу талап етілді. Бірінші Дүниежүзілік соғыстың басталуына орай, осы 1914 жылдың қараша айында Осман империясы Англияға соғыс жариялаған кезден бастап Мысырда жағдай өзгерді. Генерал Дж. Максвелл арнайы әскери жиын өткізіп, онда Мысырды өзге империялардан қорғайтыны туралы салтанатты түрде жариялады [2]. Дегенмен, бұл кезде Лондонда Мысырды аннексиялау немесе толық протекторат орнату туралы сұрақтар әлі де толық шешімін таппаған еді. Лорд Китченер көп күттірмей, Мысырды толықтай Британ империясының құрамына енгізу, яғни аннексиялау туралы ұсыныс жасады. Ал, Мысырдағы Британ империясының шенеуніктерінің ойы басқаша болып олар Мысырға жай ғана протектораттық орнатуды ұсынды.

Британ парламентінде Мысырға қатысты бір айға созылған тартыстар нәтижесінде 1914 жылы 18 желтоқсан күні Мысыр ресми түрде Британ империясының протектораты болып жарияланды. Осы күннен бастап Мысырдың Британ империясының «қамқорлығында» болатыны жарияланды. Британ билігінің шешімі бойынша Осман империясының тұсында Мысырдың хидиві болған (Хидив – Осман империясының Мысырдағы жергілікті автономиялық басқарушысы) II Аббастың билігі мен үкіметін таратты және көп ұзамай Мысырға жергілікті билеуші етіп Хусейн Камил паша тағайындалды, оған Англия тарапынан «сұлтан» титулы берілді. Хусейн Камил паша Осман империясының билігі тұсында 1863–1879 жылдары Мысырдың хидиві болған Исмаил-пашаның ұлы еді. Ол Мысырдағы саяси жағдайды толық меңгерген болатын және өз халқына жақын болды. Хусейн Камил пашаны мазалайтын басты нәрсе – ол жергілікті мұсылман халықтарының Британ әкімшілігіне қарсы бас көтеруі еді. Ал, Британ үкіметінің сенімін ақтауға тырысқан Хусейн Камил паша оны үнемі болдырмауға тырысып отырды [2, 174 б.].

Англияның Мысырды өз билігіне өткізу процесінде жүзеге асырылған істерге оның Антантадағы одақтасы Франция қарсылық танытқан жоқ. Франция бұған дейін қарсылық танытқанымен соғыс кезінде өз одақтасының әрекетін қолдады. Ендігі кезекте, Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталған уақыттан бастап Англияның Мысырдағы империалистік әрекетіне Германия мен Осман империясы батыл түрде қарсылық көрсетіп, өз наразылықтарын жеткізді. Мұндай наразылықтардың күшеюі соншама, ол көп ұзамай осы соғыста Осман империясы мен Германияның Мысыр үшін Англияға қарсы саяси-әскери қимылдарға көшетінін айқындады.

Англияның Мысырды алуы, осы және Таяу Шығыс аймақтарындағы герман экономикасының дамуына елеулі үлес қосып отырған сауда-экономикалық базаларды жоюға және оған мүмкіндік беріп отырған оның одақтасы Осман империясын Оңтүстік-Шығыстан қыспаққа алумен пара-пар болды. Мысырдағы Англияның саяси отарлаушылық әрекеттері жергілікті халыққа ұнамады. Олар ағылшындардың отарлау әрекетіне барынша қарсы тұрды. Англия Мысырды басқарушы өз адамдарын жергілікті адамдардың арасынан іріктеп, саралап алып отырды. Оларға жалақы төлеп, Мысыр халқын тыныштандыруды тапсырды. Алайда, бұл оңайға соқпады. Себебі, мысырлықтар ұдайы қарсылық көрсетіп бақты. Өз кезегінде, Мысыр халқының үлкен бөлігі мұсылман дінінің аясында әрекет етіп, онда Ислам дүниесінің халифі титулын иеленген Осман империясының сұлтанына қызмет етуге дайын болды [3]. Бұған жауап ретінде осман үкіметі де Мысырдағы саяси билікті өз бақылауына алу жолында барлық саяси шараларды атқаруға дайын болды.

Лорд Китченер Хусейн Камил пашаға Осман империясымен байланысқа түспеу және бұрынғы осман билеушілерімен араласпау талаптарын қойды. Сондай-ақ, жергілікті жерде османдық билеушілермен жақын болған және бұрынғы Осман империясының кезіндегі саяси жүйе мен өмірді қалайтын лауазымды тұлғалармен арақатынасты үзіп, оларды билік пен саясаттан шеттетуді тапсырды. Мұнымен қоса, ең маңыздысы Бірінші Дүниежүзілік соғыста Британ империясының қарсыластары болған Германия мен Австро-Венгрияға қарсы соғысқа дайын болуға үгіттеді.

Соғыс қарсаңында Стамбулда демалыста болған бұрынғы Мысыр хидиві II Аббас, осман сұлтанымен кездесулер өткізіп, онда Мысырдан ағылшындарды соғыспен болса да қуып шығару қажеттігін айтып, ол туралы ұсыныс жасаған. Мұны білген ағылшындар оны Мысырдан қууға мәжбүр болды. Ол Мысыр мен Суданға сұлтан болып тағайындалған бауыры Хусейн Камил пашаға бірте-бірте Англия билігіне қарсы күш жинақтауды ұсынды және Осман империясының Мысырға соғыс ашқан жағдайда оған қарсылық көрсетпей, керісінше астыртын түрде қолдау көрсетуді тапсырды [4]. Ол өзінің кейіннен Мысырға келетінін және 1882 жылғы Англияның басып кіруіне дейінгі жағдайды қайта орнататынын айтты. Сонымен қатар, сыртта жүрген Мұхаммед Фарид, Абд-аль азиз Жавиш сынды өзге де мысырлық саясаткерлер мысыр билеушілеріне ішінара ағылшын билігіне қарсы көтеріліс ұйымдастыруға үгіттеді.

Өз кезегінде, 1914 жылы 27 желтоқсан күні Осман империясының Қаржы министрлігі Мысырда Осман империясының билігін мойындайтын және британ үкіметіне қарсы тұруға дайын азаматтарға қаржылай қолдау көрсететінін ашық жариялады. Мұндай қолдау британ билігін мойындап, оған өтіп үлгерген мемлекеттік қызметкерлерге берілмейтін болды [5].

Мысырдың Ұлыбританияның протекторатына өтуіне және британ үкіметі мен мысырлықтардың Мысырды Осман империясынан бөліп алу ісіне Шығыстағы өзге провинциялар да қарсы болды. Олар мұсылман халықтарының бөлінбей Осман империясының туы астында өмір сүру қажет екендігін алға тартып отырды. Солардың бірі Осман империясының Сирия провинциясының басшылығы болып, олар мұсылман халықтарының бірлігі бекем болуы керектігін Мысыр уәлилеріне сан рет ескертті [6].

Жалпы, Осман империясы мен үкіметі Мысыр үшін туған өздерінің наразылықтарын 1882 жылы британдық оккупацияның кезінде-ақ көрсетіп бастаған болатын. Олардың ең ауқымдысын әскери қызметкер Ораби паша бастап, ол өзінің Мысырда британ билігін мойындамайтынын және тек Осман империясының билігін мойындап, соған берілгенін ашық жазды. Ораби паша Мысырдың азаттығы үшін кез-келген соғысқа дайын екенін білдірді. Ол мысыр-британ соғысында Мысыр армиясын басқарды [7]. Сонымен бірге, Ораби паша болашақта өз халқы мен діни басқаруының Осман империясының қарамағында болып, саяси тұрғыда тәуелсіз Мысыр араб мемлекетін құрғысы келетінін жариялады. Ол өзінің Стамбулға жазған есебінде ағылшын әскерінің Александрияға әскер кіргізгені жөнінде жазып, сондай-ақ қандай жағдай туса да Британ империясының отаршылдық әрекетіне өз қарсылығын тоқтатпайтынын жеткізді [8]. 1882 жылы басталған мұндай геосаяси тартыстар 1914 жылға, яғни Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін жалғасты.

Англияның Мысырдағы отаршылдық әрекеттерін Германия да өз бақылауында ұстады. Герман билігі егер, британдықтар Мысырды түбегейлі өзіне қосып алатын болса, онда оған өз қарсылығын білдіретіні анық болды. Осман империясының Берлиндегі елшілігінен Мысырдағы саяси жағдайға қатысты арнайы нота жолданып, онда Германияның Британ империясының Мысырдағы саяси қимылдары сынға алынды. Басты тақырып Суэц каналы мен Жерорта теңізінің

Мысыр жағалауына қатысты болды. Сонымен бірге Осман империясының Англияға қарсы ұйымдастырып жатқан сыртқы саяси әрекеттері жайлы айтылып, егер қажет болған жағдайда Германияның бұл іске араласатыны жайлы мәлімет берілді [9].

Мысырда бұрынғы хидивтер мен оларға көрсеткен Осман үкіметінің түрлі әрекеттерінен айтарлықтай нәтиже шықпады. Осман империясының Мысырдағы билігін қайта тіктеу үшін Англияға қарсы соғысудан басқа шарасы қалмады. Осман империясы аймақтағы саяси жағдайды реттеу үшін Англияға қарсы шығуға мәжбүр болып, бұл соғыста оған өз одақтасы Германия қолдау білдіретін болды. Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде және соғыс барысында Осман империясы мен Германия одақтас болып, көптеген саяси-әскери операциялар жүзеге асырылды. Осман-герман бірлескен саяси қимылдары Мысырды да айналмай өтпеді. 1914 жылы Англияның Мысырды саяси протекторатқа алу әрекеттерінің күшейген тұсында, яғни Бірінші Дүниежүзілік соғыстың алғашқы күндері герман Бас штабының генералы Хельмут фон Мольтке (Кіші Мольтке) Осман империясының әскери істер бойынша министрі Энвер пашаға Мысыр мәселесіне қатысты арнайы телеграмма жолдады. Телеграммада генерал өзінің Англия мен Ресейдің Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста және Кавказда күшеюін қаламайтынын жеткізе отырып, ол үшін осман әскерін осы аймақтарға, оның ішінде Кавказ бен Мысырға да жұмылдыру қажеттігі туралы пікір білдірді [10].

1914 жылдың 10 тамызында жолданған герман генералының бұл тілегі Энвер пашаны таңдандырды. Ол генералдың қандай ойда екенін, оның жоспарының қай бағытқа бұрылып тұрғанын алғашқыда түсіне алмады. Себебі, осман әскері Германия әскеріне қосылып Батыс майданында соғысқа араласуы мүмкін деген жоспар болған еді. Ендігі кезде фон Мольткенің ұсынысы Германияның Батыс майданда қарымды әскери қимылдар жүргізе алатынын білдіріп, ал осман әскерінің Шығыста Ресей мен оның одақтастарына қарсы әскери операциялар жүргізу керектігін көрсетті. Энвер паша әскери жағдайды осылай түсінді. Ол өзінің одақтасының қандай әскери саясат ұстанса соны қолдайтынын білдірді.

Соғыс басталған тұста-ақ Мысырға байланысты әскери министрлердің өзара түсінушілігін герман бас штабының генералы Кресс фон Крессенштейн қызу қолдап, өзінің Энвер пашаға деген ыстық ықыласын білдірді. Ол Осман империясын Германияға әскери одақтас еткен Энвер пашаның саяси-әскери стратегияларына ризашылықпен қарады [11]. Расында да, Энвер паша герман әскери мектебінен өткен жас маман ретінде танылды және германдық әскери жүйенің үлгісін өз мемлекетіне әкеліп, оны дамытты. Оның басты мақсаты Осман империясының соғыста жеңіп шығып, өзінің бұрынғы уысынан шыққан территорияларын кері қайтару болды. солардың бірі Мысыр еді. Оның Мысырға деген саяси ұстанымы өте жоғары болды. Ол Мысыр халқының өзінен қолдау сұрағанын терең түсініп, аз уақыт ішінде оны осман әкімшілігінің қол астына қайта қосуды көздеді.

Жалпы, Германия басшылығы өзінің одақтасы Осман империясының Шығыста жүргізілетін соғыс әрекеттерінің бір бағыты Таяу Шығыс пен Мысырға бағытталуын қалады. Мұның басты дәлелі, фон Мольтке, соғысқа дейінгі және соғыстың бастапқы кездерінде Осман империясының әскерін заманауи үлгіде тәрбиелеп, оған басшылық жасап жүрген генерал Отто Лиман фон Сандерске 1914 жылы 4 қыркүйек күні жолдаған хатында осы мәселелерді қарастыруды ұсынуы болды. Алайда, Осман империясында Германияның әскери миссиясын орындап жүрген Лиман фон Сандерс, түрік әскерлерінің алғашқы әскери қимылдарын Мысырдан емес, Қара теңіз арқылы қазіргі Украина жерінен Ресейге қарсы бастау қажеттігін алға тартты. Оның басты көздегені сол кездегі Ресей империясының ірі стратегиялық орталықтардың бірі болған Одессаға шабуыл ұйымдастыру болды. Ол өзінің орталық әскери штабқа берген жауабында Мысырға әскер кіргізу ниетінде болмағанын, Қара теңіз арқылы Ресей жеріне басып кіруді жоспарлап отырғанын айтты [12].

Алайда, герман штабы фон Сандерстің бұл істерін кейіннен жүзеге асырылатын іс және әзірге мұның қажеті жоқ деп шешіп, оны болдырмай тастады. Себебі, Қара теңіз құрлық ішіндегі ішкі теңіз болғандықтан, оның айналасына одақтастардың әскерін шоғырландыра беру тиімсіз деп шешілді. Керісінше, Солтүстік Африкаға жайғаса бастаған Англия әскерлерінің Жерорта теңізі арқылы сырттан қауіп төндіруі мүмкін деген жорамал туып, Анадолы мен Таяу Шығыс провинцияларына қорғаныс күштерін орналастыру және Мысырға әскер жіберу басты жоспарға алына бастады. Сонымен қатар, ең маңыздысы Стамбулдың айналасы мен оның бұғаздарына дұшпан әскерінің еніп кетуі қауіпі туындады. Мұның барлығы барлаушылар мен тыңшылардың әрекетінің



негізінде белгілі бола бастады. Мұндай әскери стратегияның тууына себеп болған келесі бір факторлар – ол Англияның Үндістан, Австралия және Жаңа Зеландия сынды өзінің отарларынан қосымша әскери көмек күштерін тартуы еді.

Өз кезегінде Мысырды қайтару мен Германия ұсынған Жерорта теңізі арқылы келуі мүмкін болған антанталық әскери күштерден қорғануды Осман империясы да ойластырды. Соның негізінде Лиман фон Сандерс бастаған әскерге қолдау білдіріп, осы аймаққа да жаңа күш жинады. Олар Стамбулға Антанта кемелерін өткізбеуге шешім қабылдады. Осының арқасында Осман империясы атақты Дарданелл соғысына мықты дайындалған болып шықты және соғыста жеңіске жетті. Осылайша, Мысырға басталған алғашқы әскери-операциялық жобалар басқа бір соғыс майданында өзінің нәтижесін берді. Дарданелл соғысы (Чанаккале соғысы) 1915 жылы ақпанда басталып, бір жылға созылған Бірінші Дүниежүзілік соғыстың ауыр оқиғаларының бірі болды.

Дегенмен, осман үкіметі Дарданелл соғысымен бір уақытта Мысырды да басты назарда ұстады. Ол ең негізгі саяси және әскери жоспарлардың бірі болды. Осман империясын Мысырға итермелеген тағы бір факторлардың бірі ол діни, яғни Ислам факторы болды. Себебі, Мысырда жергілікті мұсылман қауымы өздерінің осман үкіметіне бағынғысы келетінін жеткізіп, отарлаушы билік пен жергілікті өкілдерге талаптар қоя бастады. Осман үкіметі оған қарсылық білдірмей, керісінше қолдау көрсетті. Бұл факторды Германия да пайдаланғысы келіп, мұсылман дінін сақтау және мұсылмандарды қорғау туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Соның негізінде соғыс барысында Мысыр халқының үлкен бөлігі мұсылмандық жиһад рухын ту етіп Британ әкімшілігіне қарсы шыға бастады. Уақыт өте мұндай жағдайлар Осман империясын Мысырға әскер кіргізуін тездетті [13].

Ақыры, Дарданелл соғысымен бір мезгілде Осман империясы мен Германия Мысырға әскер кіргізуге шешім қабылдады. Соғыс тактикалары мен оның қару-жарақ қажеттіліктері Германия тарапынан қамтамасыз етіліп, ал негізгі әскери-жауынгерлік құрам Осман империясынан шығарылатын болды. Таяу шығыс пен Мысырға әскер кіргізу туралы жоспардың негізінде Бірінші Дүниежүзілік соғыстың Шығыста бірнеше жаңа соғыс майдандары ашылатын болды. Олар шығыстық соғыс кампаниялары болып, оның ішінде Сирия, Ирак және Синай-Палестиндік соғыс кампаниялары болды. Осман империясы мен Германия Дарданелде орын алған соғыс жағдайына қарамастан, Синай түбегі арқылы Мысырға басып кіретін болды. Бұл уақытта Осман империясы Ресеймен Кавказда соғысып жатты және Франция мен Англия тарапынан ұйымдастырылып жатқан Дарданелл операциясына дайындық үстінде. Бұл империяның Антанта мемлекеттеріне қарсы ашылып отырған ең негізгі үшінші майданы еді.

Мысыр жеріне жасалатын соғыс қимылдарын жүзеге асыру үшін Осман империясынан 8-ші армия жасақталды. Сонымен қатар, бұған жан-жақтағы армиялардан қосымша күштер қосылды. Олардың ішінде Измирден 10-шы, Хиджаздан 22-ші, Текирдагдан 8-ші дивизиялар осы армияның құрамын толықтырды. Өз кезегінде, Мысырға жөнелткелі тұрған бұл армияның әрекеті қандай болады немесе ол нәтижелі соғыстар жүргізе ала ма деген сан түрлі сұрақтар да туындап жатты. Мұның негізінде қосымша тағы да күш жинақтау туралы шешім қабылданып, Энвер паша Сириядағы 4-ші армияның командирі Зеки пашаға Мысыр мен Суэц каналы үшін соғысқа қосымша күш дайындауға бұйрық берді. Алайда, Зеки паша бұған қарсылық танытты. Ол Мысыр мен Суэц каналын кері қайтару үшін Англия мен Франция әскерлеріне қарсы ұйымдастырылып отырған соғысқа әскери техника мен қарулы күштердің тең келмейтінін айтты.

Энвер паша бұған наразылық білдіріп, Зеки пашаны қызметтен босатты және оның орнына Әскери-теңіз флоты министрі қызметінде отырған атақты мемлекеттік қызметкер Жемал пашаны сайлады. Ол 4-ші армияның генералы ретінде Мысыр үшін соғысқа аттандырылатын болды. Ал, Мысыр соғысы үшін арнайы дайындалған 8-ші армияның басшылығына да Анадолының Мерсин аймағынан шыққан Жемал паша есімді екінші бір әскери адам тағайындалды. Мысырға ұйымдастырылып отырған әскери шараға Германия тарапынан басшылыққа герман бас штабының генералы Кресс фон Крессенштейн тағайындалды. Ол Осман империясы мен Германияның біріккен әскери күшіне басшылық жасайтын болды [14].

Германия Осман империясының жүзеге асырғалы отырған бұл әрекетін қызу қолдады. Өзінің Батыс және шығыс майдандарында жүргізіп жатқан соғыстарынан артылатын күшін Шығыстағы атқарылып жатқан әскери шараларға жіберуге дайын болды. Лиман фон Сандерске Кавказ бен

Мысыр Стамбул бұғаздарын қорғау және жалпы Англия мен Францияға Шығыста соққы беру қажеттігі тағы бір рет елшілік арқылы ескертілді. Германияның Бас әскери штабы тарапынан Осман империясындағы елшісі Барон фон Вангенхайм мұндағы әскерилердің Мысырға басып кіру және оны иелену маңызды екенін жеткізді.

Дегенмен де Мысырға ұйымдастырылып отырған әскери қимылдарда толық сәттілікке қол жеткізу жасау фон Сандерстен басқа өзге де герман генералдарында күмән туғызды. Тіпті Кресс фон Крессенштейннің өзі де одақтастар әскерінің Мысырға жасағалы отырған әскери операцияларының сәтті аяқталуына үлкен күмәнмен қарады. Себебі, біріншіден Мысырға аттандырылып отырған әскердің саны аз болды, екіншіден, Мысырда Англия мен Францияның қуатты әскери базалары және Үндістан мен басқа да отарларынан тартылған қосымша күштері көптеп шоғырланған [14, 174 б.] еді. Осман-герман әскерінің басшылығы, бұған қарамай, тезірек Мысырға басып кіруге шешім қабылдады. Одақтастар әскерінің басшылығы Мысыр мен Суэц каналын Осман империясының құрамын қайта қосу жұмыстарын аз уақыт ішінде аяқтауды жоспарлады. Ол үшін 8-ші армия мен жоғарыда аталған одан басқа да әскери корпусстар 4-ші армияның құрамына біріктірілетін болды. Нақтырақ айтқанда 4-ші армия Мысыр мен Суэц каналын қайтару үшін және сонымен қоса Таяу Шығыста бірқатар әскери операцияларды жүзеге асыру мақсатында арнайы жасақталған құрылған әскери күш ретінде танылды. Кейбір ресми мәліметтерде бұл армия «Мысырды құтқарушы армия» деп аталды. Оның құрамына жеті дивизия біріктіріліп, жалпы әскер саны 60 мыңнан асты [15].

Аймақтағы Британ империясының әскерінің жағдайы ерекше болды. Бірінші Дүниежүзілік соғыс басталған сәттен бастап-ақ Англия Осман империясының Мысырға әскер кіргізетінін өз тыңшылары арқылы біліп қойған еді. Британ империясы мұнда осман әскерлерінен қорғану мақсатында ең алдымен Суэц каналының қорғанысын күшейтті. Британ империясы өзінің отарлары Австралия мен Жаңа Зеландиядан әскерлер корпусстарын алдырды. Олардың негізгі бөлігі осында шоғырландырылды. Оларды АНЗАК (Австралия мен Жаңа Зеландияның әскери корпусы) әскері деп атады. Британ билігі АНЗАК әскерінің бір бөлігін Мысырға қалдырды, бір бөлігін Дарданел (Чанаккале) операциясына дайындады. Мысырдағы Осман империясына қарсы тұрған АНЗАК әскерінің алғашқы саны елу мыңнан асты [16].

АНЗАК әскерінің белді мүшесі жаңазеландиялық подполковник Чарльз Поулс өзінің беріп өткен мәліметтерінде 1914 жылы желтоқсан айында өз әскерлерінің Мысырда ішкі тәртіп орната алатынына кәміл сенетінін жазды. Сонымен бірге сыртқы күштердің қандай да болмасын әрекетіне дайын екенін атап өтті. Оның сөзі Мысырға кіруге дайын тұрған Осман империясына қарсы бағытталғаны айтпаса да көрініп тұр. Сол сияқты, австралиялық корпусстың жетекшілерінің бірі капитан Э. Эллис өзінің естеліктерінде АНЗАК-тың Мысырды Британ империясының бір бөлігі деп көрсетіп, оны ішкі және сыртқы саяси күштерден барынша қорғау қажеттігін айтты [17].

Британ империясы Мысырды қорғау мақсатында өзінің отары болған Үндістаннан да әскер алдырды. Үндістаннан Мысырға 10-шы, 11-ші жаяу әскер дивизиясы, бір кавалериялық бригада және таулық артиллерия әскерлері келді. Мысыр мен Суэц каналын негізінен Үндістандық әскерлер қорғады. Британ әскерінің қуаты осман-герман әскерінен көп болуы анық байқалды. Бұл соғыста қиындық тудыруы мүмкін еді. Бірақ, генерал фон Крессенштейн Мысырға ұйымдастырылған соғыстың кезінде орын алатын қандай да болмасын нәтижелерге қарамастан соғыс операцияларын ұйымдастыруға шешім қабылдады.

Осман империясы мен Германияның Мысыр үшін Англияға қарсы соғыс әрекеттерінің тезірек тууына ықпал еткен аймақтағы келесі бір маңызды фактор діни фактор болып, оның басты негізі ХІХ ғасырдан бері Солтүстік Африкада еуропалық империяларға қарсы белсенді діни тұрғыда қарсылық көрсетіп келе жатқан Сенусилер әулетінің жиһадтық қимылдары болды. Бұл әулет негізінен Солтүстік Африкада мұсылмандардың мүддесін қорғап, аймақтағы мұсылман мемлекеттерін еуропалық империяларға бойсұндырмау үшін әрекет етіп отырды. Сенусилер негізінен Италия, Англия және Францияның отарлау әрекеттеріне қарсы шығып, оларға қарулы күшпен болса да тойтарыс беруге дайын болды. Сенусилердің еуропалықтарға қарсы әрекеттері Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейін басталып, ол соғыс кезінде өз жалғасын тапты. Сенусилердің мұндай қимылдары Осман империясы мен Германияға ұнады. Одақтастар жағдайды алыстан бақылап, Сенусилерге көмек көрсетуге де дайын болды.

Германияның әскери бас штабы Англияның Мысырға Үндістаннан, Австралия мен Жаңа Зеландиядан әкелген әскерлері соғыс кезінде Еуропаға қарай келуіне әбден көзі жетіп, оларды соғыстың еуропалық ошақтарына келуінің алдын-алуды қарастырды. Сенусилерді британдық көмекші күштерге Мысыр жерінде көмекке шақырып, жағдайды реттеуге тырысқан герман басшылығы Сенусилердің әрекеттеріне қолдау көрсету қажет деп тапты. Сенусилерді Осман империясында Тешкилати Махсусаның\* (Teşkilat-i Mahsusa) ұйымдары ретінде де көрсетілді [18]. Герман әскери штабының басшысы генерал фон Фалькенхайн 1914 жылы Стамбулда әскери істермен айналысқан Колмар фон дер Гольц пашаға жазған хатында: «Егер осман әскербасылары Мысыр соғысына қатысты онтайлы шаралар қабылдап, нәтижелі істерге қол жеткізсе, оларға ерекше рахметімді айтамын» – деді. Бұған қарай отырып, Германияның Мысыр соғыс кампаниясының ұйымдастырылуына ерекше мән беріп отырғанын көруге болады [19].

Өз кезегінде, Сенусилердің саяси-әскери қимылдарын герман билігі де пайдаланғысы келді. Сенусилердің Англия мен Италияға және тіпті Францияға қарсы ұйымдастырылып отырған соғыстары мен партизандық қимылдары тіпті герман кайзері II Вильгельмнің де назарын өзіне аударды. Ол Солтүстік Африкадағы Сенусилер қауымының басшысы шейх Сенусиге хат жолдап, оны аймақта Алланың Ислам дінін қолдаушы және құтқарушы өкілі ретінде атап өткен. Бұл сөздер император II Вильгельмнің Сенусилер қауымына деген оң көзқарасын, олармен бірге екендігін және оларға қолдау білдіретінін аңғартты. Ең маңыздысы герман императорының бұл сөзі Солтүстік Африкада, оның ішінде әрине Мысырда бірлесе отырып Англия мен өзге еуропалық империяларға қарсы соғысуға үгіттеді.

Осман тарапы мұндай ұсыныстарды жылы қабылдады. Энвер паша Мысырға жасалатын соғыс жоспарларын жасауға кірісті. Ол бойынша 4 армия Мысырға аттанатын болды. Бұл операцияны ұйымдастыруда Бингази жақтан Сенусилер әулетінің күштері тартылатын болды. Оны Шейх Ахмет Сенуси басқаратын болды. Сенусилер мен осман әскерінің бірлесіп жасаған әскери әрекеттері Мысырды ағылшындардан қорғаудың үлкен мысалы болды. Осман билігі Сенусилердің әскерлерінің Англияға қарсы соғыстарын ертерек бастауын құптады. Энвер паша өзінің бұл қалауын Стамбулдан Сенусилердің басшысы Сейіт Ахметке жіберілген өкілі Йарбай Мұса арқылы жеткізген хатында білдіреді. Негізінде, Йарбай Мұса Сенусилердің Италияға қарсы соғыста қолдайтынын білдіру үшін жіберген еді [20].

Сейіт Ахмет Йарбай Мұсаға өзінің қазіргі уақытта ағылшындарға қарсы соғысуға дайын емес екенін, Англиядан үнемі азық-түлік өнімдері мен түрлі материалдар алып отырғандықтан, оған ешбір себепсіз бірден қарсылық көрсету қиын екенін айтты. Сонымен бірге, қазір Мысырдағы ағылшындармен байланыстардың бірқалыпты екені айтылып, егер олар мұнда Энвер пашаның туысы әскербасы Нури пашаны көретін болса, арадағы қатынастың бұзылатыны айтылды. Ең маңыздысы Сейіт Ахмет өзінің жан-жақты дайын болған уақытта Мысыр үшін Англияға міндетті түрле қарсы соғыс ашатынын білдірді. Осыдан соң Йарбай Мұса егер де соғыс әрекеттері жоспарланса, Энвер паша тарапынан қажетті көмек бір ай бұрын жеткізілетінін айтты [20, 90 б.].

Бір сөзбен айтқанда Сенусилер діни қауымы Осман империясы мен Германияның Мысырға ұйымдастырғалы отырған алғашқы әскери операциясына әскери көмек бере алмаса да өзіндік ниеті бар екенін жеткізді. Бұл Сенусилердің осман-герман армиясының Мысырдағы әрекетіне қашан да болмасын әскери көмек көрсететінін анық аңғартты.

Көп ұзамай Осман империясы мен герман штабы Мысырға басып кірді. Герман генералдарының әскери тактикаларымен машықтанған осман-герман әскерлерінің Мысырды алу үшін жүргізген бірінші соғысы жалпы алғанда 1915 жылдың 14 қаңтар мен 15 ақпан айларының аралығында болып өтті. Тараптардың қабылдаған жан-жақты шешімдерінен соң 1915 жылдың 18 қаңтар күні осман әскері Синай түбегі арқылы Мысырға бастырып кірді [21]. Жемал пашаның Мысырға кірудегі жоспары мен оны алудағы үміті зор болды. Көзделген мақсатқа жету үшін ол тез Суэц каналына түсіріп, әскерді каналдың арғы бетіне алып өтудің жолын қарастырды. Көп ұзамай

---

\*Teşkilat-i Mahsusa – XX ғ. басында және Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Осман империясында әскери министр Энвер пашаға тікелей бағынатын империяда түрікшілдік және исламшылдық бағыттағы саяси, үгіт-насихат және ішкі-сыртқы саясатта арнайы миссияларды орындайтын үкіметтік емес ұйым.

түрік әскерлері арғы бетке, яғни каналдың Шығыс жақ бетінен Батыс жаққа қарай өтудің амалдарына кірісті. Арғы бетке өтуде ағаштан жасалған үлкен көлемді салдарды пайдаланды. Айта кетерлігі, бұл кезде Мысырда 30 мың үнді әскері, 150 мыңнан астам ағылшын әскері болып, олардан іріктелген 35 мың әскер тек каналды қоры үшін және осында келетін жау әскерінің әрекетіне кедергі келтіру мақсатында қойылды. Сонымен қоса, каналға он шақты ағылшын кемелері түсірілді. Тіпті, Британ үкіметі бұл аймаққа ұшақтар да жіберді. Аймақты әуе күштерінің көмегімен қорғауда Англияға Франция тарапынан да көмек көрсетілді. Өйткені, мұнда ағылшындармен бірге француз ұшақтары да қызмет етті [22].

Басты жоспар Суэц каналы мен оның аңғарын толық басып алу болатын. Осман әскері басшылығының бұйрығымен Мысырға 8-ші армия мен 10-шы, 25-шы жаяу әскер корпусы кіргізілді [23]. Осман әскерлері Мысырға Жерорта теңізі жағалауынан енді. Алайда, бұл жоспарды осман әскерлері орындай алмады. Ақпан айында Жемал пашаның әскері каналды кесіп өтуде жасаған келесі әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Себебі, каналдың екі жағына да британдық әскерлер мықтап орналасқан еді. Олар, Осман империясы мен Германияның аймақта біріккен күштері көп деп топшылап, соның негізінде өздерінің аймақтағы барлық артиллериялық күштерін осында жұмылдырған еді.

Үндістандық кавалериялық бригаданың жауынгерлері тек ат үстінде ғана емес мысырлық түйелерге мініп те соғысты. Сонымен қатар Осман империясының әскеріне қарсы жергілікті жерде, яғни Мысырда жасақталған артиллериялық батарея соғысты. Бұлардан бөлек Суэц каналына арнайы кемелер жүздірілді, олар осман әскеріне каналдан өтуге мүмкіндік бермеу мақсатында қойылып, соғыс барысында табысты қимылдар жүргізді. Бұған қарай, отырып, Англияның Мысырды қорғануға тыңғылықты дайындалғанын және оның әскері қуатының Осман империясының әскерінен әлдеқайда мықты екенін аңғару қиын емес [24].

Канал соғыстары 1915 жылдың 2 ақпанында басталды. Каналдан сәтті өткен осман әскері мұнда жақсы жайғастырылған британ әскерінің қарсылығына тап болды. Каналдан кешіп өткен әскерлер қырғынға ұшырады, көбісі тұтқынға алынды. Бұл жағдай Осман империясы әскерінің соғысқа тыңғылықты дайын емес екендігін өте аз уақыттың ішінде көрсетіп берді. 3 ақпан күні соғыс аяқталып қалғандай болды. 3 ақпанда фон Крессенштейн соғысты жалғастыруға өзі басшылық жасады. Бірақ сәтті қадамдар жасай алмады. Суэц каналын алу мақсатында арнайы жасақталған 25-ші жаяу әскер дивизиясы 25 мың адамнан құралып, алайда, ол да соғыс кезінде табысты әрекеттер жүргізе алмай кері шегінді [25]. Осман әскерлері зеңбірекпен қаншалықты оқ жаудырғанымен, британ әскерлерін кері шегіндіре алмады. Сондықтан, көп әскер жоғалтпауға тырысқан Жемал паша өз әскерлеріне кері шегінуге бұйрық берді.

2–3 ақпан күндері болып өткен соғыста британ әскерлері одақтастар әскеріне қарсы соғысуда ұшақтың да қызметін пайдаланды. Бұл осман-герман әскеріне ауыр соққы болды. Антанталық ұшақтар тек қарсыластардың әскерін ғана емес, сонымен бірге бейбіт тұрғындардың да мазасын алды [26].

Мысырдағы геосаяси жағдай мен оған Осман империясының Германиямен бірлесіп соғыс ашуы осман билігі үшін аса маңызды болды. Оған Осман империясының сұлтаны, бүкіл мұсылман әлемінің қорғаушысы, халиф V Мехмет Решат сұлтанның Мысыр халқына жасаған үндеуі мысал бола алады. 1915 жылы осман-герман әскері Мысырға бастырып кірген бойда сұлтан V Мехмет Решат 9 ақпан күні Мысыр халқын Британ империясына қарсы соғысуға шақырып арнайы үндеу жариялады. Онда Мысыр халқы ағылшындарға қарсы жиһад соғысына шақырылды. Сонымен қатар, Мысырдағы «құтқарушы» ретінде сипатталған осман-герман әскеріне жергілікті жерде қолдау көрсету үшін үндеу тасталды [27].

Мысыр жеріне басып кірген Осман империясының әскерлері Суэц каналын басып алуда сәтсіздіктерге ұшырады. Осман әскерлері Мысырда тек Исмаилия ауданында ғана сәттіліктерге қол жеткізе алды. Бұл аудан каналға жақын болып, алайда каналдан өткеннен кейінгі жағдай түрік әскерлеріне қиындық тудырды. Мысырдың шөлді аудандарында жүргізілген соғыс әрекеттері өте қиын болды. Бұл әскерге түйелердің де пайдаланудың қажеттігін тудырды. Мысырға басып кірген осман әскерінің азық-түлік жағдайы да айтарлықтай емес еді. Онда бір жауынгер үшін тәулігіне 600 гр. кепкен нан, 100 гр. мысыр наны, 9 гр. шай, 150 гр. құрма және 4 литр су берілді. Алайда, жауынгерлер үшін бұл тамақ жеткіліксіз еді. Соғыс кезінде әскерлер алдынан кездескен жеуге

жарамды өсімдіктерді шикілей болса да тамаққа пайдаланды. Бұл жағдай, әскердің соғысқа деген құлшынысын төмендетіп жіберді [28]. Әскери басшылық Мысыр жері жылы болғандықтан, ол әскерлердің физикалық күйіне кері әсер етпейді деп түсінді.

Түрік әскерлері Суэц каналына ұйымдастырылған әскери қимылдары кезінде мыңнан астам адамынан айрылды. Оның ішінде үлкен бөлігі тұтқындар болды. Ал Осман империясы мен Германияның Мысырға қарсы ұйымдастырған әскери әрекеттеріне қарсы тұрған Ұлыбритания әскері небәрі 200-дей адамынан ғана айрылды [29].

Сәтсіздіктің орын алғанын естіген фон Крессенштейн Жемал пашаға соғысты соңына дейін жалғастыруды бұйырды. Бірақ әскер командирі Жемал паша күштердің тең емес екендігін айтып, жауынгерлердің қатарының азайып бара жатқанын алға тартты. Мұнда фон Крессенштейн британ әскеріне қарсы соғыста жауынгерлік ерлік танытуды назарға алған еді. Өйткені, соғыс енді ғана басталып, Мысырдағы әскери жеңіліс басқа майдандардағы әскерлердің рухын төмендетуі мүмкін еді. Неміс генералының ойынша ерлікпен соңына дейін соғысып жеңіліс табу британ әскерінің жауынгерлік рухын түсіруі мүмкін еді.

Бірінші Мысыр соғысы нәтижесіз аяқталды. Олай деп аталуының себебі, 1915 жылдың қаңтар-ақпан айларында ұйымдастырылған соғыс Осман империясының Мысырда Ұлыбританияға қарсы соғысқан бірінші әскери қимылдары болып, ол бұдан кейін тағы да ұйымдастырылды. Бірінші Мысыр соғысы кезінде Осман империясы мен Германияның Мысырда Антанта әскеріне қарсы соғысы кезінде негізінен осман әскері соғысқа түсті. Мұнда тек неміс генералдары басшылық етіп, алайда Германиядан арнайы әскери корпусстар келген жоқ. Егер, Германияда арнайы әскери жасақтар келіп, оның саны осман әскерімен бірдей көлемде соғысқа түскенде Мысыр соғысы бірінші кезден-ақ сәтті болуы әбден мүмкін еді. Бірақ, Германия бұл кезде Батыс және Шығыс майдандары мен Дарданел (Чанаккале) соғыстарында соғыс жүргізіп жатқандықтан, мұнда негізгі құрамдағы корпусстарды жібере алмады. Бұған германдық бас әскери штабтың басшысы генерал Фалькенхайнның сөздері дәле бола алады. Ол Мысырға қатысты өз сөздерін «Егер, Мысырға Стамбул мен орталықтан қосымша әскер жіберсек, Дарданелдегі әскери күш әлсіреп, британ әскерлері мұнда басып кіруі мүмкін еді» - деп көрсетеді [30]. Расында да, Дарданел соғысында Англияның бұғазға кіру әрекеті ерекше болып, алайда ол осман-герман әскерінің тегеурініне төтеп бере алмай жеңілді. Соғыс барысында әлемдік империялар арасында Мысыр үшін орын алған мұндай әскери қимылдар мен түрлі шаралардың орын алуы Суэц каналы мен Мысыр жерінің стратегиялық маңыздылығының қандай деңгейде екенін көрсетіп берді [31].

Бірінші Мысыр соғысында орын алған сәтсіздіктер Осман империясының жоспарын күйретті. Бірақ, Осман империясы мен Германия басшылығы Мысырдың маңызды пункт екенін ұмытпай, оны қалай да болмасын кері қайтарып, Суэц каналына ортақ иелік етуді көздеді. Бұл істі жүзеге асыруда Бірінші Дүниежүзілік соғыстың маңызы зор болды. Осман үкіметі жаңа бір соғыс қимылдарына дайындалуда Мысырдағы жергілікті мұсылман халқын жиһад соғыстарын жүргізуге үгіттеді [32]. Кресс фон Крессенштейн жаңа соғыс жоспарларын құрып, ол бұл іске Стамбулдағы өзге неміс әскери мамандарын да тартты. Ол екінші рет Мысырға соғысқа аттануға шешім қабылдады [33].

Бұған жауап ретінде Ұлыбритания өзінің отарларынан және одақтас мемлекеттерден келетін әскери топтардың негізгі бөлігін Мысырға жұмылдырды. Британ үкіметі Германияның әскери қолдауына сүйенген Осман империясының Мысырға жасайтын екінші соғысы қауіпті болады деп түсінді. Бірақ, Мысырға ұйымдастырылатын екінші бір соғыс әрекеттері Осман империясы үшін нәтижелі болады деу қиын еді. Себебі, мұнда британ әскері мен антанталық әскердің қуатты күші орналасқан еді. Солардың ең негізгі бөлігі АНЗАК әскерлері мен үндістандық әскерлер болды. Тіпті Франциядан да қосымша әскери көмек күштері тартылды. Осман империясынан қауіптенген Англия Мысырдағы қорғанысты барынша күшейтті. Каир қаласында британ әскерінің негізгі штабы болып оны генерал А.Мюррей басқарды. Аймақта осман-герман әскерінің көбеюінен сескенген британ генерал штабы А.Мюррейдің әскеріне қосымша күш ретінде генерал Дж.Максвеллдің әскерін қосты. Осылайша, Англия Мысырды қызғыштай қорғады [34].

Келесі кезекте, Осман империясы мен Германияның Солтүстік Африкадағы одақтасы ретінде саналған Сенусилер Мысырда Англияға қарсы соғысты. 1916 жылдың ақпан және наурыз айында Солтүстік Африкада Сенусилер тарапынан ағылшындарға қарсы әскери қимылдар басталып, ол

Мысыр аумағын да қамтыды. Әскери қимылдар Мысырдың батыс аймағында жүргізілді. Мұнда османдық әскерлер болып, алайда олардың қатары аз болғандықтан сәтсіздікке ұшырады. Бұл кезде Осман империясы Дарданел соғысынан әлсіреп шыққандықтан, Мұстафа Кемал паша Мысырға әскер жіберуге материалдық-техникалық ахуалдың қиын екендігін ескертті. Осының салдарынан Мысырдың батыс аймағын қамтыған Сенуси-ағылшын соғыстарында Сенусилер жеңіліске ұшырады. Десе де, Исламды ұран еткен Сенусилер соңына дейін соғысуға бел байлады. Олар осман үкіметіне қайтадан әскери көмек сұрап өтініш білдірді. Сейіт Ахмет бастаған Сенусилерге әскери көмектің жеткізілуіне Нури Ахмет пашаның рөлі өте зор болды. Осман генералы Нури паша Солтүстік Африкадағы жағдайды тұрақтандыру үшін көп қызмет етті. Нури пашаның ара түсуімен Сенусилерге осман үкіметі тарапынан жеткен көмек күштері көбіне Мысырда тыс аймақтарда (Ливия, Тунис т.б.) қолданылды. Нури пашаның негізгі әскери қызметі Солтүстік Африкада болды. Салыстырмалы түрде қарағанда Нури пашаның әскери қызметі Мысырға қарағанда жоғарыда аталған өзге өзге аудандарда жүргізілді. Себебі, Мысыр аса үлкен стратегиялық база болғандықтан, мұнда орталықтан ұдайы әскери күш жіберіліп отырды [35].

1916 жылдың басында Бірінші Дүниежүзілік соғыстың ең ауыр ошақтарының бірі болған атақты Дарданел соғысы аяқталған соң британдық күштерді ауқымды бөлігі Мысырға қарай аттандырылды. 1916 жылғы наурыз айындағы есептер бойынша Мысырда 400 мыңдай жаяу әскер болды. Әскердің көптігі соншалық, олар үлкен бір соғысқа дайындалып келгендей болды. оның барлығы А. Мюррейдің басшылығына өтті. Бұл кезде британ әскерлері Суэц каналының шығыс жағына өтіп, қазіргі Мысыр мен Палестина шекарасына жақындай түсті. Британ империясының әскери министрі лорд Китченер Синай түбегінде әскер көбейту келісімін берді.

Мысырдағы британ генералы Дж. Максвелл Мысырдың батыс және шығыс шекараларындағы әскери ахуалды баяндауда осман-герман әскерінің бірінші операциясынан кейін жағдайдың толық тұрақтандырылмағанын атап өтті. Генералдың бұлай деп топшылауының себебі, Сенусилерге қарсы Мысырда жүргізілген соғыстар сәтті болғанымен, олар мұнымен тоқтамай, Сенуси Сейіт Ахмет ағылшындарға қарсы соғыстың жаңа фазаларын ашуы мүмкін еді. Сонымен қатар, осман-герман әскерлерінің қайта шабуыл жасау мүмкіндігі анық болды және олардың жергілікті жердегі арабтарды британдықтарға қарсы үгіттеуі, сондай-ақ түріктердің Сенусилермен бірлесуі аса қауіпті екенін Лондонға жеткізді.

Бірінші әскери операциядан сәтсіз оралған осман әскерлері 1916 жылы тағы да екінші рет Мысыр үшін соғысқа дайындала бастады. Бұл жолы да осман әскерлері Суэц каналына қарай бағыт алатын болды. Мысырға бірінші жасалған әскери операцияның кезінде бастапқы әскери қимылдардың Суэц каналы аңғарынан басталуы және соғыс фактілерінің сол аймақтарда орын алуы Осман империясының Суэц каналына деген қызығушылығының жоғары екенін айқын көрсетіп тұр.

Төртінші армияның командирі Жемал паша Суэц каналынан екінші рет өту үшін ешкімнің көмегіне сүйенбей-ақ өзімізді әскердің күшімен өтуіміз қажет деп көрсетеді. Каналдан батысқа қарай өткеннен кейін ғана Сенусилердің әскери көмегіне жүгінуімізге болады деп нақты пікірін атап өтті. Мысыр жерінде Англияға қарсы екінші рет соғыс операцияларын ұйымдастыруда осындай шараларды ғана қолдану қажет екендігін ол орталық әскери штабқа ұсынды. Әскербасының бұл сөзінен Сенусилердің әскери көмегінің маңызды екені айқын көрініп тұр. Себебі, Стамбул мен басқа аймақтардан алынған әскерлер Мысыр аумағын білмейтін еді. Ал, бұл әсте Сенуси арабтарының көмегі зор болады деп күтілді [36].

Бұл кезде Дарданелдегі соғыста жеңісімен жігерленген Осман империясының соғыс министрі Энвер паша, ендігі кезекке Мысыр мен Суэц каналын басып алуды қойды. Герман әскери штабының басшылығы Энвердің мұндай істеріне қызу қолдау білдірді. Себебі, герман басшылығы Ұлыбритания тарапынан Мысырдағы әскери жағдайын түсінді. Ол үшін Мысырға тағы да бір рет әскери операция ұйымдастырылатын болып шешілді және оған фон Крессенштейн басшылық ететін болды. Бұл экспедициялық корпусқа 3-ші, 14-ші жаяу әскер корпустары мен германдық артиллерия кіргізілді [37]. Бұған жауап ретінде британдық күштер де әскери тәртіпке көшіп, олар Мысыр мен Суэц каналын қорғау үшін 42,52,53-ші жаяу әскер дивизияларын соғысқа дайындады. Мұның ішінде атты әскер дивизиясы болды.

Осман-герман әскерлері негізінен Суэц каналының сол, яғни Шығыс жақ бетіне орналас-тырып, ондағы басты мақсат, ең болмағанда каналдың осы бөлігін өз бақылауында алып қалу болды. Себебі, каналдың осы бөлігінде жайғасып алып та Солтүстік Африка мен таяу Шығыстағы сауданың біраз бөлігін бақылауға алу мүмкін еді [38].

Одақтастардың мақсаты, Мысырдағы стратегиялық нүктелердің бірі Александрия болып, ағылшындарды осы аймаққа өткізбеу болды. Себебі, ағылшындардың басты көздегені осман-герман әскерлерін Мысырдан және бүкіл Синай түбегінен Палестинаға дейін қуып шығару болды. Сонымен бірге, Палестина жерінде француздармен бірлесіп Осман империясына қарсы соғысу болды және бұл аймақтарды да одақтастардан тартып алуды басты геостратегиялық жоспарға алды. Британ әскерлеріне басты қауіпті аймақтардың бірі Эль-Ариш қаласы болды. Бұл қалада осман-герман әскери гарнизоны орналасып, олар каналға баратын жолға қауіп төндіріп [39] отырды.

Екінші Канал соғысы деген атпен танылған Осман империясы мен Германияның Мысырға ұйымдастырған екінші соғысы тамыз айының алғашқы күндері одақтастар әскерінің британ әскеріне қарсы жасалған әскери операцияларымен басталды. Одақтастар әскері Синай түбегінің шөлдерінде табысты қимылдар жүргізіп, британ әскерлері орналасқан Катия және Романи қалаларына шабуыл ұйымдастырды. Бұл қамалдар Суэц каналына жақын болып, маңызды бекіністер қызметін атқарды. Үшінші және бесінші тамыз күндері осман әскерлері Романиге тікелей әскер бағыттап, онда британ әскеріне үлкен соққы берді. Бірақ, көп ұзамай, 52-ші АНЗАК атты әскер дивизиясы осман-герман әскерінің бұл бағыттағы қимылдарына шектеу қойып, оларға тегеурінді қарсылық көрсетті. Британ әскери басшылығы қосымша әскер жіберіп, аз уақыттың ішінде осман-герман әскеріне үсті-үстіне соққы беруді бұйырды. Соғыста әсіресе антанталық ұшақтар белсенді қызмет етті. Оның біреуін атып түсіргенімен, ұшақтардың жойқын қимылдары Екінші Мысыр соғысының мәселесін шешіп қойғандай болды. Мұның салдарынан осман-герман әскерлері кері шегінуге мәжбүр болды. Олар 12 тамызда Эль-Ариш қаласына қарай шегініп, осында паналады. Дегенмен британдық әскерлер де ауыр шығынға ұшырады. Мыңға жуық британ әскерлері тұтқынға алынды. 500-ге жуығы соғыс майдандарында қаза болды және жоғалды [40].

Катия, Романи және өзге де бекіністер үшін болаған соғыстарда британдық әскерлер жеңіске жетті. Бұдан соң соғыстың ендігі кезде нәтиже беруіне сенім артпаған фон Крессенштейн соғысты тоқтатуға және кері шегінуге бұйрық берді [41]. Соғыстағы жеңіс британдықтар жағында болды. соғысқа британ әскерінен бөлек өзге антанталық дивизиялар да көмекке келді. Ал, осман-герман әскерлері Палестинаға қарай ысырылып, енді осы аймақтарға келетін британ әскерінің алдын-алуға кірісті. Сол кездегі мәліметтер бойынша осман-герман әскерлерінен мыңнан астам адам қаза болды. Төрт мыңға жуық адам тұтқынға түсті. Осман-герман басшылығы жалпы адам шығынын бес-алты мыңға теңеген. Осылайша, екінші мысыр соғысында да осман-герман әскері жеңіліске ұшырады. 1915 жылдың соңына қарай британ әскерлері Эль-Ариш қаласын басып алды. Осман-герман әскері Палестинаға қарай өтуге мәжбүр болды. Бірінші Дүниежүзілік соғыста Мысырды толық иеленген Ұлыбритания ендігі кезекте Антанта елдерімен күш біріктіріп, Осман империясынан Таяу Шығыс провинцияларын түгелдей тартып алуға кірісті. Британ армиясы мен Антанта әскерлерінің осман-герман әскерімен жүргізген келесі соғыстары Таяу Шығыстың өзге аймақтарында жалғасты [42].

Жоғарыда аталғандай, әскери әрекеттермен бірге Мысырда жергілікті халықты британ билігіне қарсы айдап салу әрекеттері де жүріп жатты. Оның басты мысалы 1915-1916 жылдары Мысырда саяси және ұлттық қозғалыстар пайда болды. Олардың басты мақсаты Мысырды азат ету және оны Осман империясына қайта қосу болды. Себебі, Британ империясы Мысырды өзінің отары секілді тонады. Алайда Британ билігі Мысырдағы мұндай ұйымдарды қудалады, таратты, шетелге қуды және жойып жіберді. Мұндай саяси ұйымдар шетелдерде өз саяси қимылдарын жалғастырды. Соның ең негізгілері Осман империясы мен Германияда болды. Олар өз кезегінде осман және герман билеушілерінен қолдау күтті.

Мұндай істер 1917 жылы да өз жалғасын тапты. Мұндай ұлттық қозғалыстардың істеріне жауап ретінде британ билігі, оның ішінде комиссар Уингейт Мысырды протекторат қалпында ұстамай, толық аннексиялау жоспарын ұсынды. Бұған себеп болған тағы бір жағдай ол сұлтан Хусейн Камилдің денсаулығы нашарлап, оның орнына сенімді өкіл отырғызу қарастырылды.

Жергілікті билік өкілдері оның орнына Ахмет Фуад пашаны отырғызуды ұсынса, кейбір топтар Осман империясымен жақын болған Омар Тусун есімді саяси қызметкерді ұсынды. Бірақ, Уингейт мұны қабылдамай тастады. Бұл кезде де осман билігімен жақын болған адамдар биліктен аластатылды[43].

Қорыта айтқанда, Бірінші Дүниежүзілік соғыстың қатысушыларының бірі болған Осман империясы, соғыс кезінде өзінің XVI ғасырдан бері провинциясы болып келген Мысырды Британ империясының қоластынан шығарып алу әрекеттері сәтсіз аяқталды. Осман империясы соғыстағы өзінің саяси және әскери одақтасы болған Германиямен бірлесіп Мысырды кері қайтару мақсатында жүргізілген әскери қимылдары мен британ үкіметіне қарсы жасалған саяси үгіт-насихат жұмыстары өзінің нәтижесін бермеді. Дегенмен де, Осман империясы өзінің әскери күшінің аздығына қарамай, Ұлыбритания сынды әлемдік державаға қарсы шығып, өзінің осы соғыстың тұрақты қатысушыларының бірі екенін көрсетті. Ең маңыздысы, өзінің бұрынғы отарларын қорғауда асқан белсенділік таныта алды.

Бірінші Дүниежүзілік соғыста Осман империясы Мысырдан бөлек Германиямен бірлесіп Еуропада, Азияда және Африкада көптеген әскери операцияларды жүзеге асырды. Мысыр операциясын бірлесіп жүргізуі Осман империясы мен Германияны одан сайын жақындата түсті. Бұл жағдай екі империяның соғысты бірге аяқтайтынын айқындады. Соңғы кездері Бірінші Дүниежүзілік соғыстың жүзжылдығына орай жүргізілген және тарихшы-османтанушылар тарапынан жүзеге асырылып жатқан жекелеген ғылыми ізденістердің нәтижесі Осман империясының соғыстағы белсенділігі мен оның стратегиялық жоспарының маңызды болғанын көрсетуде. Соның ішінде Осман империясының өз одақтасы Германиямен тығыз саяси байланыстар орнатып, соның негізінде беріктігі мығым болған одақ құруы және одақтастардың әлемнің әр бұрышында бірлесіп әскери операциялар ұйымдастыруы туралы ізденістер де жүргізілуде.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Хизриев А.Х. Дипломатическая борьба вокруг статуса Британских войск в Египте в период «Завуалированного протектората» (1882–1914) // Научные ведомости. Серия История, Политология. – 2015. – № 19(216). – Вып. 36. – С. 60-66.
- [2] Кошелев В.С. Египет: от Ораби-паши до Саада Заглула, 1879–1924. – М.: Наука, 1992. – 287 с.
- [3] Turk Silahlı Kuvvetleri Tarihi, İdari Faaliyetler ve Lojistik, Cilt 10. – Ankara: Genelkurmay Başkanlığı Yayınları, 1985. – 785 s.
- [4] The memoirs and diaries of Muhammad Farid, an Egyptian nationalist leader (1868–1919) / Introduced, translated, and annotated by Arthur Goldschmidt, Jr. – San Francisco: Mellen University Research Press, 1992. – 540 p.
- [5] BOA (Başbakanlık Osmanlı Arşivi) DH. ŞFR, 48/178
- [6] BOA. DH. ŞFR, 454/6
- [7] BOA. Y.E.E.121/24
- [8] BOA. PRK.MYD. 2/36
- [9] BOA. HR. SYS, 2094/8, 8-9
- [10] Hayati Aktaş. Turk-Alman askeri ilişkileri(1913–1918). / Doktora Tezi. – Konya1994. – 265 s.
- [11] Kressenstein Baron Kress Von. Türklerle Beraber Süveyş Kanalı'na, Çev. Mazhar Besim Özalpsan. – İstanbul: Askeri Matbaa, 1943.
- [12] Liman von Sanders. Türkiye'de 5 Yıl.Çev. Şevki Yazman. – İstanbul: Burçak Yayınevi. 1968. – 360 s.
- [13] Sabis Ali İhsan. Harp Hatıralarım, C. III. – İstanbul: Nehir Yayınları, 1990. – 414 s.
- [14] Wallach Jehuda L. Anatomie einer Militärhilfe: Die preussisch-deutschen Militärmissionen in der Türkei 1835–1919. – Düsseldorf: Droste, 1976. – 284 s.
- [15] Erickson E.J. Ordered to Die: A History of the Ottoman Army in the First World War. – London: Westport, Greenwood Publishing Group, 2001. – 265 p
- [16] Ellis A.D. The Story of the Fifth Australian Division. London: Hodder and Stoughton, 1920. – 468 p.
- [17] Suzanne Mary Brugger. Australians and Egypt, 1914–1919. – Melbourne: Melbourne University Press, 1980. – 178 p.
- [18] Hamit Pehlivanlı. Teşkilat-ı Mahsusa Kuzey Afrika'da (1914–1918). // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 2000. – № 47. – S. 421-440.
- [19] Veli Yılmaz. I.nci Dünya Harbi'nde Türk-Alman İttifaki ve Askeri Yardımlar. – İstanbul: Cem Ofset. – 318 s.
- [20] Ünalp F.Rezzan, “1914-1918 Yılları arasında Osmanlı Devleti'nin Kuzey Afrika'ya Yönelik Faaliyetleri” / Doktora Tezi. – Ankara, 2009. – 246 s.
- [21] История Первой мировой войны 1914–1918 гг. / А.М. Агеев, Д.В. Вержховский, В.И. Виноградов, В.П. Глухов, Ф.С. Криницын, И.И. Ростунов, Ю.Ф. Соколов, АА. Строков. Под ред. И.И. Ростунова. – М.: Наука, 1975. – 443 с.
- [22] Osman Yalçın. Filistin Cephesi Türk Hava harekâtı. // A. Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi [TAED]. – 2016. – № 55. – S. 557-595
- [23] Erickson E.J. Ottoman Army Effectiveness in World War I: A Comparative Study. – New York: Taylor & Francis, 2007. – 256 p.



- [24] Field-Marshal Earl Wavell The Palestine Campaigns. – London: Constable & Co, 1954. – 259 p.
- [25] Carver Michael, Field Marshal Lord. The National Army Museum Book of The Turkish Front 1914-1918: The Campaigns at Gallipoli, in Mesopotamia and in Palestine. – London: Pan Macmillan, 2004. – 272 p.
- [26] Erden Ali Fuad. Birinci Dünya Savaşı'nda Suriye Hatıraları. –İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 2003. – 334 s.
- [27] BOA. HR. SYS, 2109/7-12
- [28] Taner Bilgin. Birinci Dünya Harbinde Arap Coğrafyasında Türk Askeri (1914-1918). // The Journal of Academic Social Science. – 2016. – № 26. – S. 102-128
- [29] Bruce Anthony. The Last Crusade: The Palestine Campaign in the First World War. – London: John Murray, 2002. – 299 p.
- [30] Belen Fahri, Birinci Cihan Harbinde Türk Harbi 1915 Yılı Hareketleri. – Ankara: Karakuvvetleri Komutanlığı, 1964. – 421 s.
- [31] Лудшувейт Е.Ф. Турция в годы Первой мировой войны 1914-1918 гг. Военно-политический очерк. – М.: Изд-во Московского университета, 1966. – 385 с.
- [32] Лазарев М.С. Крушение турецкого господства на Арабском Востоке 1914–1918 гг. – М.: Изд-во вост. лит., 1960. – 246 с.
- [33] Liman von Sanders Otto. Fünf Jahre Türkei. – Berlin: Scherl, 1919. – 408 s.
- [34] Keogh E.G., Joan Graham. Suez to Aleppo. – Melbourne: Directorate of Military, 1955. – 268 p.
- [35] Şükrü Erkal. Birinci Dünya Harbi'nde Türk Harbi, Hicaz, Asir, Yemen Cephelerive Libya Harekâtı, 1914–1918. Cilt 6. – Ankara, Genelkurmay Basımevi 1978.
- [36] Üzen İsmet. I. Dünya Harbinde Sina Cephesi ve Çöl Hatıraları.– İstanbul: Selis Kitaplar, 2007. – 252 s.
- [37] Готовцев А. Важнейшие операции на ближневосточном театре в 1914–1918 гг. – М., 1941. – 106 с.
- [38] Birinci Cihan Harbi'nde Türk Harbi 1916 Yılı Hareketleri; Cilt: III. – Ankara: Genelkurmay Basımevi, 1965.
- [39] Birinci Dünya Harbinde Türk Harbi, IV Cilt, I Kısım, Sina-Filistin Cephesi. – Ankara: Genelkurmay Basımevi, Yayınları, 1979
- [40] Pierre Renouvin. I.Dünya Savaşı ve Türkiye 1914–1918. Çev. Örgen Uğurlu. – İstanbul: Örgün Yayınevi, 2004. – 790 s.
- [41] Akdes Nimet Kurat. Birinci Dünya Savaşı Sırasında Türkiye'de Bulunan Alman Generallerin Raporları. – Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 1966. – 92 p.
- [42] Taşkıran C. Ana ben ölmedim. 4. Baskı. – Ankara: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. 2011. – 440 b.
- [43] Кошелев В.С. Египет, уроки истории: борьба против колониального господства и контрреволюции, 1879–1981. – Минск: Изд. "Университетское", 1984. – 204 с.

## REFERENCES

- [1] Hizriev A.H. Diplomaticheskaja bor'ba vokrug statusa Britanskih vojskV Egipte v period «Zavualirovannogo protektorata» (1882–1914) // Nauchnye vedomosti. Serija Istorija, Politologija. 2015. № 19(216). Vyp. 36. S. 60-66.
- [2] Koshelev V.S. Egipt: ot Orabi-pashi do Saada Zaglula, 1879–1924. M.: Nauka, 1992 . 287 s.
- [3] Turk Silahlı Kuvvetleri Tarihi, Idari Faaliyetler ve Lojistik, Cilt 10. Ankara: Genelkurmay Başkanlığı Yayınları, 1985. 785 s.
- [4] The memoirs and diaries of Muhammad Farid, an Egyptian nationalist leader (1868–1919) / Introduced, translated, and annotated by Arthur Goldschmidt, Jr. – San Francisco: Mellen University Research Press, 1992. 540 p.
- [5] BOA (Başbakanlık Osmanlı Arşivi) DH. ŞFR, 48/178
- [6] BOA. DH. ŞFR, 454/6
- [7] BOA. Y.E.E.121/24
- [8] BOA. PRK.MYD. 2/36
- [9] VOA. HR. SYS, 2094/8, 8-9
- [10] Hayati Aktaş. Turk-Alman askeri ilişkileri(1913–1918) / Doktora Tezi. Konya1994. 265 s.
- [11] Kressenstein Baron Kress Von. Türklerle Beraber Süveyş Kanalı'na, Çev. Mazhar Besim Özalpsan. İstanbul: Askeri Matbaa, 1943.
- [12] Liman von Sanders. Türkiye'de 5 Yıl.Çev. Şevki Yazman. İstanbul: Burçak Yayınevi. 1968. 360 s.
- [13] Sabis Ali Ihsan. Harp Hatıralarım, C. III. İstanbul: Nehir Yayınları, 1990. 414 s.
- [14] Wallach Jehuda L. Anatomie einer Militärhilfe: Die preussisch-deutschen Militärmissionen in der Türkei 1835–1919. Düsseldorf: Droste, 1976. 284 s.
- [15] Erickson E.J. Ordered to Die: A History of the Ottoman Army in the First World War. London: Westport, Greenwood Publishing Group, 2001. 265 p
- [16] Ellis A.D. The Story of the Fifth Australian Division. London: Hodder and Stoughton, 1920. 468 r.
- [17] Suzanne Mary Brugger. Australians and Egypt, 1914–1919. Melbourne: Melbourne University Press, 1980. 178 r.
- [18] Hamit Pehlivanlı. Teşkilat-ı Mahsusa Kuzey Afrika'da (1914–1918). // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. 2000. № 47. S. 421-440.
- [19] Veli Yılmaz. I.nci Dünya Harbi'nde Türk-Alman İttifaki ve Askeri Yardımlar. İstanbul: Cem Ofset. 318 s.
- [20] Ünalp F.Rezzan, “1914-1918 Yılları arasında Osmanlı Devleti'nin Kuzey Afrika'ya Yönelik Faaliyetleri” / Doktora Tezi. Ankara, 2009. 246 s.
- [21] Istorija Pervoj mirovoj vojny 1914–1918 gg. / A.M. Ageev, D.V. Verzhovskij, V.I. Vinogradov, V.P. Gluhov, F.S. Krinicyan, I.I. Rostunov, Ju.F. Sokolov, AA. Stokov. Pod red. I.I. Rostunova. M.: Nauka, 1975. 443 s.

- [22] Osman Yalçın. Filistin Cephesi Türk Hava harekâtı. // A. Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi [TAED]. 2016. № 55. S. 557-595
- [23] Erickson E.J. Ottoman Army Effectiveness in World War I: A Comparative Study. New York: Taylor & Francis, 2007. 256 p
- [24] Field-Marshal Earl Wavell The Palestine Campaigns. London: Constable & Co, 1954. 259 r.
- [25] Carver Michael, Field Marshal Lord. The National Army Museum Book of The Turkish Front 1914-1918: The Campaigns at Gallipoli, in Mesopotamia and in Palestine. London: Pan Macmillan, 2004. 272 r.
- [26] Erden Ali Fuad. Birinci Dünya Savaşı'nda Suriye Hatıraları. İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 2003. 334 s.
- [27] VOA. HR. SYS, 2109/7-12
- [28] Taner Bilgin. Birinci Dünya Harbinde Arap Coğrafyasında Türk Askeri (1914-1918). // The Journal of Academic Social Science. 2016. № 26. S. 102-128
- [29] Bruce Anthony. The Last Crusade: The Palestine Campaign in the First World War. London: John Murray, 2002. 299 r.
- [30] Belen Fahri. Birinci Cihan Harbinde Türk Harbi 1915 Yılı Hareketleri. Ankara: Karakuvvetleri Komutanlığı, 1964. 421 s.
- [31] Ludshuvejt E.F. Turcija v gody Pervoj mirovoj vojny 1914–1918 gg. Voenno-politicheskij ocherk. M.: Izd-vo Moskovskogo universiteta, 1966. 385 s.
- [32] Lazarev M.S. Krushenie tureckogo gospodstva na Arabskom Vostoke 1914–1918 gg. M.: Izd-vo vost. lit., 1960. 246 s.
- [33] Liman von Sanders Otto. Fünf Jahre Türkei. Berlin: Scherl, 1919. 408 s.
- [34] Keogh E.G., Joan Graham. Suez to Aleppo. Melbourne: Directorate of Military, 1955. 268 p.
- [35] Şükrü Erkal. Birinci Dünya Harbi'nde Türk Harbi, Hicaz, Asir, Yemen Cephelerive Libya Harekâtı, 1914–1918. Cilt 6. Ankara, Genelkurmay Basımevi 1978.
- [36] Üzen İsmet. I. Dünya Harbinde Sina Cephesi ve Çöl Hatıraları. İstanbul: Selis Kitaplar, 2007. 252 s.
- [37] Gotovcev A. Vazhnejshie operacii na blizhnjevostochnom teatre v 1914–1918 gg. M., 1941. 106 c.
- [38] Birinci Cihan Harbi'nde Türk Harbi 1916 Yılı Hareketleri; Cilt: III. Ankara: Genelkurmay Basımevi, 1965.
- [39] Birinci Dünya Harbinde Türk Harbi, IV Cilt, I Kısım, Sina-Filistin Cephesi. Ankara: Genelkurmay Basımevi, Yayınları, 1979
- [40] Pierre Renouvin. I. Dünya Savaşı ve Türkiye 1914–1918. Çev. Örgen Uğurlu. İstanbul: Örgün Yayınevi, 2004. 790 s.
- [41] Akdes Nimet Kurat. Birinci Dünya Savaşı Sırasında Türkiye'de Bulunan Alman Generallerin Raporları. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 1966. 92 p.
- [42] Taşkırان C. Ana ben ölmedim. 4. Baskı. Ankara: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları. 2011. 440 b.
- [43] Koshelev V.S. Egipt, uroki istorii: bor'ba protiv kolonial'nogo gospodstva i kontrevoljucii, 1879–1981. Minsk: Izd. "Universitetskoe", 1984. 204 s.

#### Н. М. Абдукадыров

PhD доктор, и.о. доцента кафедры «История Казахстана» ТарГУ им. М. Х. Дулати, Тараз, Казахстан

### ЕГИПЕТ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ И ГЕРМАНИИ ВО ВРЕМЯ ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

**Аннотация.** В годы Первой мировой войны на Востоке территория Египта была основным геополитическим центром между держав Антанты и Тройственного Союза. Потому что с древнейших времен Египет являлся мостом два континента и территория этой страны имеет большой политико-экономический роль в международных отношениях. В эпоху Нового времени Египет являлся субъектом Османской империи и попался в политических интерес европейских империй. В статье рассматривается проблемы суверенитета Египта во время провозглашении протекторатом Великобритании и политические позиции Германии и Османской империи в годы Первой мировой войны. В научной работе анализируется политическая борьба и военные действия между империалистическими державами за Египет. А также, исследуется военно-политические действия Османской империи и Германии в Египте и превращение территорий Египта одно из крупнейших очагов Первой мировой войны.

**Ключевые слова:** Первая мировая война, Египет, Османская империя, Германия, Антанта, Англия.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

**ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)**

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Т. М. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 20.11.2017.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
14,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.